

АЛМАТЫДАҒЫ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ
АУЫЛДЫҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТУДІ КӨЗДЕЙДІ

Қазақтың Мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры, академик
Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВПЕН сұхбат

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы сәуір айында Қазақ ауыл шаруашылығы және Алматы мал дәрігерлік институтының негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін құрды. 60 жылдан астам тарихы бар іргелі оқу орындарында 60 мыңнан аса жоғары білімді мамандар даярланған екен. Ол мамандар еліміздің экономикасын өркендетуде қаншалықты мол үлес қосқанын бәріміз жақсы білеміз.

Талғат Айтбайұлы: – Кенжеке, университет құрамына кірген екі институт та еліміздегі іргелі оқу орындары болатын. Сонда тарихы, дәстүрі, халық шаруашылығына қажетті мамандар даярлауда өзіндік орны бар институттарды біріктірудің не себебі болды?

Кенжеғали Сағадиев: – Ауыл шаруашылығының қай саласы болсын ғылым мен техника жаңалықтарына сүйенеді. Мол өнім алғымыз келсе, ең әуелі қажетті мамандардың білім сапасын көтеруіміз керек. Осы орайда институттар өз міндеттерін атқарды. Демек, университеттік білім беру мен институттық оқу жоспары арасында елеулі ерекшеліктер бар деген сөз. Көптеген шет елдердегі тәжірибе солай. Оларда барлық оқу орындары университет жүйесінде қалыптасқан. Батыста ғана емес, шығыс елдерінде де солай. Біз өркениетке барамыз деп алдымызға мақсат қойған екенбіз, ендеше басқа елдердің жинақтаған озық тәжірибесін пайдалануға тиіспіз. Жоғары оқу орындарын әлемдік деңгейге көтергіміз келсе, онда білім ордаларын жақсы ғылыми орталықтарға айналдыруымыз керек.

Қазір бізде еркін экономикалық байланыстарға кең жол ашылған. Егемендік алдық. Тәуелсіз елміз. Берік байланыстар білім беру, маман даярлау саласында да тереңдей түсуде. Бұл ойды университетіміздің өз өміріне қарап айтып отырмын. Құрылғанымызға алты-жеті ай болса да, көптеген нақты келісімдерге қол жеткіздік. Алған бағытымызға қарап, болашақта нарық экономикасына негізделген қазақ ауылдарына лайықты жаңа мамандар тәрбиелеп шығарамыз деген ниеттеміз. Бізден ұшып шыққан мамандар ауыл тұтқасын ұстайтын интеллигенция болады. Ауылдың көшін бастайды, экономикасын көтереді. Үкіметіміздің бізге қойып отырған талабы да осыған саяды.

Талғат Айтбайұлы: – Ауыл, шіркін, қазір күйреу жағдайында ғой. Мамандар даярлаудың бұрынғы қалыптасқан жүйесі де ескірді. Енді алдағы уақытта қалай болады?

Кенжеғали Сағадиев: – Сұрағың өте дұрыс. Бұрын біз 12-15 мамандық бойынша оқытатынбыз. Агроном, бухгалтер, зоотехник, инженер, механик деген секілді, әрі қарай ұзартып, санамалай беруге болады. Қазақстандағы екі мыңнан астам шаруашылыққа қажетті мамандарды жылма-жыл даярлайтынбыз. Ол шаруашылықтар қазір тарады. Сондықтан кімді даярлаймыз? Қанша маман оқытып шығаруымыз керек? Осы сұрақтар

бізді де ойландырады. Шынын айтайын, бұрын біз мамандарды өте көп даярладық. Солардың дені бітіріп алған соң ауылға бармай, басқа бір салаларда жұмыс істеді. Бұдан былай солай істеудің қажеті бар ма? Мәселені осылай төтесінен қойдық. Қанша маман керек? Ол қандай маман болуы қажет? Өйткені қазір ауылдарда жеке шаруашылықтар көбейді. Өзінің жері, техникасы, малы бар. Өмір талабына сай сондай болуға жаппай бет алдық. Себебі, дүние жүзінде фермер шаруашылығы басты тәсілге айналған. Біз оны «қожалық» дейміз бе? Қазір республикамызда 40 мыңдай фермер бар екен. Келешекте одан да көбейеді. Енді сол шаруашылыққа, фермерге қандай маман керек? Біздің бұрынғы мамандардың мамандық ауқымы тар еді. Мысалға, агрономды алайықшы. Оның өзін төрт-беске бөліп: көкөніс агрономы, астық агрономы, өсімдік қорғау маманы деп төрт-беске бөлетінбіз. Бұдан кейінгі уақытта қожалықта еңбек ететін агроном соның бәрін атқаратын универсал агроном болып шығуы керек. Бұл да емес-ау, мәселе – фермер шаруашылығының сан-салалығында. Шет елдердің бәрінен көріп жүрміз, тек қана жермен, малмен шектеліп қалған фермерлер жоқтың қасы. Оның үстіне алған өнімдерін өңдейтін кәсіпорындары да бар. Біз, салыстырмалы түрде алғанда, өнімді аз аламыз және ұқсата білмейміз. Бір ғана сүттің өзінен олар қырық түрлі өнім шығарса, біз айран, қаймақ, құрт-ірімшікпен шектелеміз. Осы тиімді ме? Міне, біздің басымызды ауыртатын жағдай – осы.

Сол секілді, бізде даярланатын сегіз-тоғыз түрлі инженерлік мамандық түрлері бар еді. Енді бір-ақ инженер оқытып шығарамыз. Ол – инженердің қолын қажетсінетін саланың бәрін білуге, меңгеруге тиіс. Сондықтан да мамандық беретін факультеттер санын ықшамдап жатырмыз. Оқу сапасын жақсарту үшін бағдарламалар қайта қаралу үстінде. Шетелдік тәжірибелер екшеліп, фермерлермен сөйлесіп, ауыл шаруашылығына басшылық жасайтын мекеме, министрліктермен пікірлесіп, осы тұрғыда жұмыс істеудеміз.

Талғат Айтбайұлы: – Қазір бұрынғы агроном, мұғалімдер фермер болды. Дәрігер, экономистер де фермерлікке бет бұрды.

Кенжеғали Сағадиев: – Сұрағынды түсіндім. Әрқайсысы өз саласында білім алған дейсің ғой, дұрыс оның. Мәселен, зоотехниктің егіншілікке байланысты білмейтіні көп. Мұғалім үшін де шаруашылықты жүргізу – қырсыры мол мәселе. Осы орайда бізге артылатын салмақ қомақты. Біз мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, фермердің экономикасы, басқару жүйесі бойынша үйретсек дейміз. Салық, төлем жүйелерін де фермердің жақсы білгені жөн. Осыларды ескере келіп, «Фермерлердің жоғары мектебі» дегенді ашып отырмыз. Облыстарда филиалдары болады. Сол үшін келіссөздер жүргізілуде. Әзірге екі жер таңдалды. Біреуі Талғарда ашылады. Онда біздің ауылшаруашылық колледжіміз бар, бұрынғы Талғар техникумы. Екіншісі – Талдықорғанда. Желтоқсанның басынан талапкерлерге дәріс беруді бастаймыз. Әрине, оған оқу үшін емес, әркім-әркімдер бір мәселені анықтап, сұрап-білу үшін де келуі әбден мүмкін. Мысалы, менімен кеше әңгімелескен қызылордалықтар «Түйе шаруашылығын қайткенде тиімді жүргізуге

болады?», - деп сұрады. Шынында, оны тиімді етудің қандай тәсілдері бар? Немесе, біреу алайын деген техникасы туралы сұрайды. Не керек, елдің білгісі келіп сұрайтын мәселесі көп қой. Мұндайда біздің мамандардың беретін пайдалы кеңесінің мәні терең болмақшы. Осы жерде, ретіне қарай оқу жоспары, мерзімі туралы да айта кетсек: ол – үш күндік, бір-екі жетілік, алты айлық болып ұйымдастырылмақшы. Әрине, жаз бойы егіншілігімен, малдың қыстық азығын дайындаумен айналысқан фермердің қыс кезінде ғана қолы босайды. Жағдайына қарап алты ай оқытындар да болады. Ондайларды үш ай мерзімге шет елге жіберіп аламыз. Әзірге екі елмен келісіміміз бар. Соның бірі неміс ағайындар болмақшы. Жақында барғанымда шақырғанмын, олардан үлкен делегация келеді. Дәріс беруге соларды пайдаланбақшымыз. 16 қараша күні болашақ фермер мектебінің бір топ оқушылары ағылшындарға барады. Оларда да осындай мектеп жұмыс істейді. Израильмен де хабарласып жатырмыз. Олар да өз білгендерін үйретуге, тәжірибе алмасуға қарсы емес. Әлбетте, біздің де оларға үйретеріміз мол. Біздегі ғалым-ұстаздардың біліктілігі олардан кем емес.

Талғат Айтбайұлы: – Университет – білімді маман даярлау ошағы. Осы оқу ордасында еңбек ететін ұстаз-ғалымдар шешуші тұлға. Оларға да айрықша мән беретін шығарсыздар?

Кенжеғали Сағадиев: – Жан-жақты дайындығы бар ұстаз болмаса, білікті маман шықпайды. Демек, жаңа заманға сай ұстаздар ұжымын құру – күрделі мәселе. Алпыс жылдан астам уақытта екі институтта да жақсы ұстаз-ғалымдар легі қалыптасты. Кезінде өз міндеттерін мінсіз атқарды. Кейінгі толқын ізбасарларын үзбеді. Бір өкініштісі сол – кейінгі кездері жастарды сиретіп алғандаймыз. Қиыншылық қай жерде де бар. Дегенмен кеш те болса, ұстаздар ұжымын жасартамыз ба, жақсартамыз ба деген ниетіміз айқын. Олардың ғылыми, кәсіби дәрежесін көтеру үшін әртүрлі шаралар жасап жатырмыз. Әйтсе де бізді тосылдыратын нәрсе – оқулықтардың жетіспеуі. Нарық жағдайындағы экономикаға байланысты материалдар, негізінен, шет тілдерінде. Демек, біздің ұстаздар сол тәжірибелермен танысып, қорыта білетін болуы керек. Сол мақсатпен тіл үйретуге ерекше мән бердік. Қазір университет мұғалімдері жетісіне үш рет ағылшын, неміс, француз тілдерін білетін мамандардан тіл үйрену сабағына қатысып жүр. Екінші шарамыз – компьютерді меңгеруді шындап қолға алдық. Компьютер класын жабдықтадық. Мұғалімдер үшін ұйымдастырған үшінші мәселеміз – қазіргі аграрлық саясатты тереңдетіп оқыту жайы. Экономикалық реформа деген не? Қазақстанның қазіргі аграрлық саясаты қандай? Оны жүзеге асыру жолдары, ауыл шаруашылығын ғылыми жаңғырту мәселелері жөнінде Экономика министрлігінен, Ауыл шаруашылығы министрлігінен, қаржы, банк жүйесінен, заң органдарынан мықты-мықты мамандардың өздері келіп лекция оқиды.

Мұғалімдердің келесі ұрпағын даярлауға байланысты тағы бір баса айтатын нәрсе: биыл осы өзіміздің университет пен қаладағы басқа университеттерден үздік бітірген 15 стажер-мұғалім таңдап алдық. Оларды ешқандай жұмысқа жекпейміз. Бір жыл мұғалімдікке баулимыз. Жалақысын

төлейміз. Жатақхана сұрағандарына орын бердік. Қойып отырған талабымыз: әуелі тілді меңгеруі керек; екінші – компьютерді үйренеді; үшіншіден – келешекте өздері дәріс беретін пән бойынша өзіміздегі және өзге де жоғары оқу орындарындағы білікті ұстаз-ғалымдардың сабағына қатысып, сол саланы терең игеруі қажет; төртіншісі – бүгінгі ауылдың жайымен таныс болуы. Малдың, егіннің, техниканың жайын өз көзімен көрсін, фермерлердің жұмысын зерделесін. Келесі жылы, егер берген уәдемізде тұрсақ, оларды бір жылға шет елдерге жіберіп аламын. Неміс ағайындармен келісілген шартымыз бар. Шет елде жаңа техника, технология, экономика, менеджмент – осы төрт сала бойынша өрелерін өсіреді. Тәжірибе алады. Осылайша, шама келсе, жыл сайын он-он бестен жас ұстаздар тобымен толықтырып отырсақ, бес-алты жылда университеттегі ұстаздар ұжымының сапалық дәрежесін жақсартып алуға мүмкіндігіміз болмақшы.

Талғат Айтбайұлы: – Бүгінде студенттердің де жағдайы жоқ екенін жақсы білеміз. Стипендияны мезгілінде алмаймыз дейді. Жатын орындарының жайсыздығын айтады. Бұл жағы сіздерде қалай?

Кенжеғали Сағадиев: – Шыны керек, студенттердің стипендиясы аз. 2000 теңге деген неге жетеді? Соның салдарынан да болар, қазір ауылдан келетін талапкерлер саны азайып кетті. Өзіміз тілдескен ата-аналар: «Жарайды, баламыз оқуға түсе қойсын. Сонан кейін оларға ай сайын 3-4 мың теңгені қайдан тауып беремін?», -деп қиналады.

Енді біздегі студенттердің жайына келсек: студенттерге берешегіміз жоқ, стипендияларын кешіктірмей беріп тұрамыз. Бас корпусымыздың да, жатақханалардың да көп жылдардан бері сылақ көрмеген қабырға, төбелерін әрледік. Кейбіреулері өте жақсы болды. Әуелгі кезде жұмысқа келіп аралағанымда, солардың кейбірінің 50-60 терезесі жоқтарын көргемін. Студенттер жатақханадан қашатын болса, бүгінде бос орын жоқ. Демек, жандарына жайлырақ болғаны ғой.

Енді асханамызға кіріп көріңіздер, түскі тамағымыз – 58 теңге. Оған бес мәнді, сорпа, нан, шәйіңізді аласыз. Бұдан кейін осы деңгейде ұстап тұра аламыз ба, жоқ па, уақыт көрсетеді, жағдай көрсетеді. Оқу-өндірістік шаруашылығымыз бар, сонда көкөністі өзіміз егеміз. Мал ұстаймыз деген ойымыз бар, техниканы өзіміз жүргіземіз. Ендеше, бұл біздің университеттің артықшылығы ғой.

Талғат Айтбайұлы: – Кенжеке, айналып келгенде әңгімеміз – ауылдың, адамдардың жайы. Сол үшін сіз де, сіз басқаратын ұжым да жұмыс жасауда. Ауылдың жайы жаныңызға қатты бататынын бұрыннан білеміз...

Кенжеғали Сағадиев: – 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне «Нарық ауылға бет бұрсын» деген мақала да жазғанмын. Сонда реформаны ауылдан бастау керек екенін айтқанмын. Қазір ауыл күйзелісте. Кейбір жерлерде тіпті ауыр. Енді қазір «Неге олай болды? Кім кінәлі?» деп шұқшиюдың қажеті жоқ. Ауыртпалықтан арылудың, барынша тез арылудың жайын күйттеген абзал. Біз ауылдағы реформаны тездеткіміз келіп еді. Іргеміздегі Ресейге ілестік. Болары болды енді. Кооперативтік үлгі бола ма, акционерлік қоғам құра ма – ел өзі таңдасын. Өйткені, жұрт алатын жерін

алды. Малы бар дейік, жері анау. Шаруа қожалығын құруға да болады. Ел енді-енді есін жиып жатқандай. Әйтпесе, біздегі өзгерістер төбеден жай түскендей әсер етті емес пе!? Бірақ, қалай болғанда да, ауыл шаруашылығына үкіметтің жанашыр көзқарасы қажет. Мәселен, немістерде фермердің жұмсаған әрбір екі маркасына үкіметі бір маркасын қосып, демеушілік жасайды. Сөйтіп, шығынның үштен бірін көтереді. «Олай етпесе бізде де фермерлер жұмыс істей алмай, тоз-тоз болар еді», - дейді олар. Ал біз алғашқы екі-үш жылда осыны мүлде естен шығардық. Тез жекешелендірейік, елдің ынтасына сенейік - өздері алып кетеді дедік. Сөйтсек, оның бәрі болмайтын шаруа екен. Осыны кеш түсінген сыңайлымыз. Биыл тыңайтқыштан, топырақтан үкімет көмектесті. Зиянды жәндіктер мен арам шөптерді құрту үшін гербицид, пестицидтерді алуға жәрдемдесті. Аз болса да демеу болды, жанармай, техникасын сатып алуына сәл жағдай жасады. Дұрыс па? Дұрыс. Міне, енді комбайн сатып алып жатыр. Ресейден алдық, келер жылы Америкадан аламыз. Ең бастысы бағыт өзгерді, ауылға бетбұрыс жасалды. Ауыл шаруашылығын демеу қоры құрылды. Былтыр он миллиардтай ұсынып еді. Соның алтауын, әлде сегізін берді ме, қазір жадымда жоқ. Инвестиция жағынан да бұрын мемлекет кепілдік бермейтін. Алынатын 650 комбайнға кепілдік етті. Бұның 300-і жүгері жинайтын, қалғаны – астық жинайтын комбайндар. Бұл да үкіметтің жасаған оң қадамы деген сөз.

Нарық экономикасына көшу – көпке созылатын процесс. Мәселен, Ресейдегі Столыпін реформасын алайықшы, сол жиырма жылға жоспарланды емес пе? Нарыққа тез өтемін деген мемлекеттердің өзі жиырма-отыз жыл арнаған. Халық дайындалуы керек. Төзім керек.

Талғат Айтбайұлы: - Әңгімеңізге рахмет. Университетіңіз ауылды алға апаратын нағыз нарық заманының мамандарын молайта берсін.

Талғат Айтбайұлы
«Бірлік» газеті, №12, 15.11.96ж.